____________________________________ соты үкімінің көшірмесін жолдайды
( с о т т ы ң    а т а у ы )

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 25-бабына сәйкес сотталған жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігіне мынадай міндеттер ж ү к т е л е д і :

сот үкімінің көшірмесін немесе қылмыстық-атқару инспекциясының хабарламасын алғаннан кейін 3 күннен кешіктірмей сотталғанды оның атқару немесе шұғылдану құқығына тыйым салынған қызметтен немесе іс-әрекет т ү р і н е н    б о с а т с ы н ;

сотталғанның еңбек кітапшасына оның қандай негізде, қандай мерзімге және қандай қызметті атқару құқығынан немесе қандай іс-әрекетпен шұғылдану

құқығынан айырылғаны туралы жазба енгізсін;

қылмыстық-атқару инспекциясына сот үкімі талаптарын орындау туралы хабарлама жолдасын;

қылмыстық-атқару инспекциясының талап етуі бойынша жазаны атқарумен байланысты құжаттарды беретін болсын;

сотталғанмен еңбек шарты өзгертілген немесе тоқтатылған жағдайларда 3 күн мерзімде бұл туралы қылмыстық-атқару инспекциясына хабарлайтын болсын.

(N 24 нысанның сырт жағы)

Сот үкімінің талаптары ұйым әкімшілігі үшін міндетті. Сот үкімін орындамағаны үшін ұйымның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 362-бабына сәйкес жауапты болады.

Қосымша: үкімнің көшірмесі - парақ.

________________ ІІБ

Инспекция бастығы ________________________

(қолы, тегі)

19 ___ ж. _______________

М.О.

_____________________ кесу талоны ________________________________

___

(толтырылсын және сотталған атқаратын қызметінен босатылғаннан кейін үш күн мерзімде жіберілсін)

19 ___ ж. _________ N __________

_______________________________ ІІБ

Қылмыстық-атқару инспекциясына

Азамат(ша) 19 _____ ж. __________________________________ соты ҚР ҚК

______________ бабы бойынша _______________________________ сотталған.

19 ___ ж. ______ N _______________ бұйрықпен тыйым салынған қызметтен (іс-әрекеттен) босатылды және қазіргі кезде

___________________________________________________________ атқарады,

(жаңа қызметі көрсетілсін)

бұл жайында еңбек кітапшасына тиісті жазба жасалды.

19 ____ ж. ____________________ ___________________________________

(қызметі, тегі, қолы)

М.О.

N 25 нысан

__________________________________

(кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның

__________________________________

атауы, мекен-жайы, басшының тегі,

__________________________________

аты-жөні)

Ұсыным

_______________________________________________________ үкіміне сәйкес

(соттың атауы)

азамат(ша) _________________________________________________________

_

____________________________________________________________________

__

(қандай қызметтер атқаруға немесе қандай іс-әрекетпен шұғылдануға

________________________________________________________________

__

тыйым салынғаны көрсетіледі)

Ішкі істер органдарының белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі жазаның атқарылуын бақылау тәртібі туралы нұсқаулықты бұза отырып, ___________________________

_

________________________________________________________________

__

(сот үкімінің қандай бөлігінде орындалмағаны көрсетіледі)

_________________________________________ тексеру арқылы анықталды.

Сот үкімінің орындалуын дереу қамтамасыз етуді ұсынамын. Бұл жөнінде 10 күн мерзімде ________________ ішкі істер органының қылмыстық-атқару инспекциясының бөліміне (бөлімшесіне) хабарлансын.

_____________________________

(ішкі істер органының атауы,

_____________________________ бастығы

атағы, тегі, аты-жөні)

19 ___ ж. ________________ __________________

(қолы)

N 26 нысан

_____________________________________________

(қызметтің белгілі бір түрлерімен шұғылдануға

_____________________________________________

рұқсаттар беру мен олардың күшін жою карауында

_____________________________________ бастығы

болатын орган көрсетіледі)

_____________________________________________

Рұқсаттың күшін жою туралы

Ұсыным

__________________________________________________________ сотымен

(қаланың, ауданның атауы)

19 ____ ж. ______________ Қазақстан Республикасының ҚК ________ бабы бойынша азамат(ша) _________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы)

________________________________________________________________

_

(қызметтің түрі және қандай мерзімге тыйым

________________________________________________________ тыйым салынды

.

салынғаны көрсетіледі)

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 26-бабына сәйкес Сіз азамат(ша) ________________________________

(тегі, аты-жөні)

_______________________________________________________________________

_

(қызметтің түрі)

бұрын берілген рұқсатты кері шақырып алуға және күшін жоюға әрі жаза мерзімі аяқталғанға дейін жаңа рұқсат бермеуге міндеттісіз.

Сот үкімі орындалмаған жағдайда кінәлі адамдар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 362-бабында көзделген тәртіппен жауапты болады.

_______________________ ІІБ

Инспекция бастығы

____________________________

(атағы, тегі, аты-жөні)

____________________________

N 27 нысан

_____________________________ ІІБ

төлқұжат және виза жұмысы

бөлімінің бастығы

_________________________________

(атағы, тегі, аты-жөні)

Күзет карточкасы

Түзеу жұмыстары:

___ ай мерзімге.

Үкімнің атқарылуы:

19 __ ж. ___________-ге дейін кейінге қалдырылды.

ЗЗД мерзімінің аяқталуы:

19 ___ ж. __________

Шартты сотталған жағдайда

сынау мерзімінің аяқталуы:

19 ___ ж. __________

Тегі, аты, әкесінің аты _______________________________________________

Туған жылы және жері _________________________________________________

___________________________________________ ҚР ҚК ________ бабы бойынша

(күні, соттың атауы)

_____________________________________________________________ соттаған.

(жаза шарасы)

Сотталған тұрақты тұрғылықты жерінен тіркеуден шығуға әрекеттенген ретте инспекцияға_____________________________________________________

(инспектордың тегі, аты-жөні,

__________________________________________________________ хабарлансын.

қызмет телефонының нөмірі)

________________________________

(ішкі істер органның атауы,

_______________________ бастығы

арнайы атағы,

________________________________

тегі, аты-жөні) ______________________

(қолы)

19____ ж. __________

Ескертпе: Жаза мерзімі аяқталғанға дейін картотекада сақталады.

N 28 нысан

_____________________________________________________________________

____

(ішкі істер органының атауы)

Шартты сотталғандарды, жазаны атқару мерзімі кейінге қалдырылып сотталған жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерді есепке алу

Журналы

19 __ ж. __________ басталды

19 __ ж. __________ аяқталды

(N 28 нысанның сырт жағы)

```
 ------------------------------------------------------------------
N ! Тегі, аты, !Тұрғылықты  !Қашан және қай !Үкімнің заң!Үкімнің, түзеу
р.!әкесінің аты!жері мен жұ-!сот соттаған,  !ды күшіне  !мекемесінен ма-
с.!туған жылы  !мыс (оқу)   !ҚК бабы, жаза  !енген күні !териалдың ішкі
  !            !орны        !мерзімі        !           !істер органына
  !            !            !               !           !келіп түскен күні
-------------------------------------------------------------------
  1 !    2     !     3      !      4        !     5     !       6
-------------------------------------------------------------------
```

Таблицаның жалғасы:

```
-------------------------------------------------------------------
```

```
Сотталғанның Инспек!Шартты сот-!Үкімнің атқа-!Сотталғанға сот жүктеген
цияда есепке қойыл !талған рет-!рылуын кейін-!міндеттер
ған күні          !те түзеу   !ге қалдыру ме!
               !мерзімінің !рзімінің өт- !
               !өткен күні !кен күні     !
------------------------------------------------------------------------
     7      !   8   !    9    !     10
------------------------------------------------------------------------
```

Таблицаның жалғасы:

```
------------------------------------------------------------------------
Учаскелік полиция  !Жазадан бо-!Сотқа жазаны !Істің басқа ! Сотталғанның
инспекторына N 5 ны!сату туралы!атқару мерзі-!ішкі істер  !инспекция
сандағы рапорттың  ! ұсы-      !мін кейінге  !органына жі-!есебінен
берілген күні және !нымның сот-!қалдырудың не!берілгені   !шығарылған
алғаны туралы қол- !қа жіберіл-!месе шартты  !туралы      !күні мен оның
хат                !ген күні   !соттаудың кү-!белгі       !негізі
                   !           !шін жою тура-!            !
                   !           !лы ұсынымның !            !
                   !           !жіберілген   !            !
                   !           !күні         !            !
------------------------------------------------------------------------
     11            !    12     !     13      !     14     !     15
------------------------------------------------------------------------
```

Таблицаның жалғасы:

```
----------
Ескерту
----------
    16
----------
```

Ескертпе: Кесте жазылып басылады

N 29 нысан

Мөртабан орны ____________________________________

(ұйымның атауы)

____________________________________

(басшының тегі, аты-жөні)

Хабарлама

Азамат(ша) ____________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы)
____________________________________________________ жұмыс істейді
(қайда және кім болып істейді)
19 ___ ж. __________________________________ ҚР Қылмыстық кодексінің
(соттың атауы)
______ бабы бойынша _______________________________________________
_
(жаза шарасы көрсетіледі, шартты немесе сотталған
___________________________________________________________________
_
әйелдер жөнінде жазаны өтеу мерзімі кейінге қалдырылып сотталады)
___________________________________________ соттағанын хабарлаймын.

Заңға сәйкес сотталған ________________________________ мінез-құлқын бақылауды ___________________________________________ ұйымдастырады
.
(қызметі, тегі, аты-жөні, қызмет телефоны)

Сізден сотталған ________________________________ тәрбие жұмысын жүргізуді ұйымдастыруды және оның мінез-құлқы, сынау мерзімі, жазаны өтеуді кейінге қалдыру мерзімі кезеңінде жол берген қоғамдық тәртіпті бұзуы, жұмыстан босатылғаны туралы бізге хабарлауды сұраймыз.

________________________
ІІБ ____________ бастығы
________________________ ________________________
(тегі, қолы)
19___ ж. ______________

N 30 нысан

Бекітемін
__________________________________
(қалалық, аудандық ішкі істер органы)
__________________________________
(атауы, атағы, тегі, аты-жөні)
__________________________________
(қолы)
19 ___ ж. _________________

**Жүктілігі мен босануына байланысты әйелге жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыруды беру туралы Ұсыным**

Мен, ______________________________________________________________
_

(қызметі, атағы, тегі, аты-жөні)

______________________________________________________________________

(қалалық, аудандық ішкі істер органының атауы)

19 ___ ж. ______________________________________________________

(соттың атауы)

ҚР ҚК _______ бабы бойынша ________________________________ соттаған

(жазаның мерзімі мен түрі)

азаматша __________________________________ материалдарды қарай келіп

(тегі, аты-жөні, туған жылы мен жері)

Анықтадым:

______________________________________________________________________

(сотталған әйелдің жазаны өтеу кезеңіндегі мінез-құлқы, оған сот

______________________________________________________________________

жүктеген міндеттерді орындауы туралы мәліметтер, жұмыс орны бойынша

______________________________________________________________________

сипаттайтын деректер келтіріледі)

Жазылған жәйттерді ескере отырып, сондай-ақ медициналық мекемеден оған жүктілігі мен босануына байланысты демалыс берілгені туралы құжат негізінде, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 169-бабының 8-бөлігін басшылыққа ала отырып, сотталған ___________________ материалдарды _________ ________________ жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыруды беру туралы мәселені (соттың атауы) шешу үшін жіберіп отырмыз.

Инспектор ____________________________

____________________

(қолы)

N 31 нысан

Бекітемін

__________________________________

(қалалық, аудандық ішкі істер

__________________________________

(атауы, атағы, тегі, аты-жөні)

__________________________________

(қолы)

19 ___ ж. ________________

Іздеу жариялау туралы

Қаулы

Мен, ______________________________________________________ ІІБ

(қызметі, атағы, тегі, аты-жөні, қылмыстық-атқару инспекциясының атауы)

__________________________________________ 19 __ ж. _________ ҚР ҚК

(соттың атауы)

_________________ бабы бойынша __________________________ соттаған,

(мерзімі, жазаның түрі)

инспекцияда 19 ___ ж. __________________ есепте тұратын ___________

________________________________________________ жөнінде бастапқы

(тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы мен жері)

іздеу іс-шараларының материалдарын қарай келіп,

Анықтадым:

________________________________________________________________

(сотталғанның келмеу себептері, қай уақыттан бері инспекцияға

________________________________________________________________

келмейтіні, шақырулардың, алып келулердің және жұмыс орны мен

________________________________________________________________

тұрғылықты жері бойынша бару күндері көрсетілсін, сотталғанның

________________________________________________________________

жүрген жерін анықтау жөніндегі бастапқы іздеу іс-шараларының

________________________________________________________________

нәтижелері мен оның жазаны өтеуден және инспекция бақылауынан

________________________________________________________________

жалтару мақсатында бой тасалағаны туралы мәліметтер жазылсын)

Жазылған жәйттерді ескеріп және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 42-бабының 4-бөлігін, 184-бабының 4-бөлігін, 172-бабының 3-бөлігін басшылыққа ала отырып, сотталған __________________ материалдарды ______________________________

сотына

(тегі, аты-жөні)

іздеу жариялау және жазаны алмастыру туралы мәселені шешу үшін жолдап отырмын.

Инспектор ___________________

________________

N 32 нысан

(Өлшемі 30х20 см)

Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі

___________________________________________________________________________

(ішкі істер органының атауы)

N ___________ Бақылау ісі

___________________________________________________________________________

(шартты сотталғанның, жүкті әйелдер мен жас

___________________________________________________________________________

балалары бар әйелдер жөнінде жазаны өтеу мерзімі

___________________________________________________________________________

кейінге қалдырылып сотталған, тегі, аты,

___________________________________________________________________________

әкесінің аты, туған жылы)

19 ___ ж. _____________ ҚР ҚК _____________ бабы бойынша сотталған.

19 ___ ж. _____________ есепке қойылады.

19 ___ ж. _____________ есептен шығарылды.

Негіз _________________________________________________________________

Істегі парақтар саны _________________________________

(жазумен)

(Мұқабаның екінші беті)

**Бақылау ісінде болуға тиіс құжаттар Тізбесі**

1. Сот үкімдерінің (ұйғарымдарының, қаулыларының) көшірмелері, оларға ілеспе құжаттар.

2. Сотталғанмен әңгімелесу туралы анықтама.

3. Жол берген жүгенсіздіктері үшін жауапқа тартылғаны туралы хаттамалардың, қаулылардың, бұйрықтардың көшірмелері.

4. Сотқа, әскери комиссариатқа кәсіпорындардың әкімшілігіне жіберілген хабарламалардың, сотқа ұсынымдардың және т.б. көшірмелері.

5. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің сотталған жөніндегі рапорттары.

6. Сотталғанды Ішкіісмині, аумақтық ҚСАО есептері бойынша тексеру туралы анықтамалар.

7. Сотталғанның жұмыс (оқу) орнынан анықтамалар, мінездемелер.

8. Сотталғанның жақын туыстарының егжей-тегжейлі сауалнамалық деректері, тұрғылықты жері мен шұғылданатын ісі көрсетілген тізімі.

9. Сотталғанның өтініш-арыздары, оларға берілген жауаптардың көшірмелері .

10. Балаларының тууы туралы куәліктерінің көшірмелері.

11. Тұрғылықты жерінен баланың анасымен бірге тұратындығы туралы анықтама.

12. Түзеу мекемесінен босатылуы туралы анықтама.

13. Тіркеу парағы.

14. Сотталғанның мінез-құлқын бақылау туралы мәліметтер қамтылған өзге де құжаттар.

N 33 нысан

____________________________ бастығы

(мекеменің атауы,

________________________

мекен-жайы)

_________________________

Хабарлама

Азаматша ________________________________________________________ _

(тегі, аты-жөні)

_______________________________ соты 19 ___ ж. ____________________

(қаланың, ауданның)

ҚР ҚК _______ бабы бойынша соттаған, 19 _ ж. ______________________

_____________________________________________________________ келді,

(тұрғылықты жерінің мекен-жайы)

______________________________________________________ қылмыстық-атқару

(қалалық, аудандық ішкі істер органның атауы)

инспекциясына 19___ ж. ____________ есепке қойылды.

Сотталған _______________________________________________ жеке ісін

(тегі, аты-жөні)

бақылауды одан әрі жүзеге асыру үшін жіберуді сұраймыз.

___________________________ бастығы
(ішкі істер органының атауы)

_____________________________
(атағы, тегі, аты-жөні)

19 ___ ж. _______________ _______________
(қолы)

N 34 нысан

_____________________________ ІІБ
төлқұжат және виза жұмысы
бөлімінің бастығы
_____________________________
(атағы, тегі, аты-жөні)

Хабарлау

Азамат(ша) ______________________________________________________
(тегі, аты-жөні, туған жылы мен жері)

19___ ж. __________________________________________________ ҚР ҚК
(соттың атауы)

____ бабы бойынша _______________________ соттаған, _______________
(жазаның түрі, мерзімі)

___________________________________ қылмыстық атқару инспекциясында
(ішкі істер органының атауы)

есепте тұрған, 19 ___ ж. ______________________ есептен шығарылды.

_________________________________________________________________
(есептен шығарылу негізі)

_________________________________________________________________

Инспектор ________________________
(атағы, тегі, аты-жөні)

________________________

19 __ ж. __________ _______________ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Ішкіісминінің 1999 жылғы
№"18" 02 N 89 бұйрығына

2 қосымша

Келісілген
Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
__________________________
1999 жылғы________________

Келісілген
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының
төрағасы
________________________
1999 жылғы____________

Келісілген
Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
Әлеуметтік қорғау министрлігі
______________________________
1999 жылғы___________________

**Түзеу жұмыстары, белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі жазаларды атқару, сондай-ақ шартты сотталған адамдардың, жазасын өтеу мерзімі кейінге қалдырылып сотталған жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдердің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы Нұсқаулық**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-атқару заңдарына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының Қылмыстық-атқару инспекциясы туралы ережеге және сотталған адамды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды атқару тәртібі мен шарттары мәселелері жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген.

2. Сотталған адамды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды атқару соттың заңды күшіне енген үкіміне (қаулысына, ұйғарымына) сәйкес жүргізіледі.

3. Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға сотталған адамдар* жазаның нақты түрін атқару тәртібі мен шарттарына қарай Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қылмыстық, Қылмыстық-атқару, Қылмыстық іс жүргізу кодекстері белгілеген шектеулермен Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын иеленеді және міндеттер атқарады. _____________

* Ескерту: Бұдан әрі қысқартып қолдану үшін қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға сотталған адамдар сотталғандар деп аталады.

4. Сотталған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қылмыстық, Қылмыстық атқару,

Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінде көзделген шектеулермен, жазаның нақты түрін атқару тәртібі мен шарттарына қарай Конституцияға, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы туралы халықаралық шарттарға, заңдарға сәйкес құқықтар иеленеді және міндеттер атқарады.

5. Сотталғандарды түзеудің негізгі құралдары мыналар болып табылады:

жазаны атқару мен өтеудің белгіленген тәртібі;

қоғамдық пайдалы еңбек;

кәсіби даярлық;

қоғамдық ықпал ету.

6. Сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындайтын органдар қызметі заңдардың қатаң сақталуына негізделеді. Осы органдардың лауазымды адамдары өздерінің қызметінде заңдылықтың қамтамасыз етілуі үшін жауапты болады.

7. "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Z952709_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды атқару кезінде заңдылықтың сақталуын қадағалауды прокуратура органдары жүзеге асырады.

8. Сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды атқаратын органдар мыналар болып табылады: Қазақстан Республикасының Ішкіісмині жанындағы Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті* құрамындағы қылмыстық-атқару инспекциясы басқармасы (бөлімі )**, қалалық ІІБ, облыстық ІІБ қылмыстық-атқару инспекцияларының бөлімдері ( бөлімшелері), қалалық, аудандық ішкі істер органдарының қылмыстық-атқару инспекциялары (бұдан былай - Инспекциялар). ________________________

*Ескерту: Бұдан әрі қысқартып қолдану үшін Қылмыстық-атқару жүйесі ҚАЖД деп аталады.

**Ескерту: Бұдан әрі қысқартып қолдану үшін қылмыстық-атқару инспекциялары "Инспекциялар" деп аталады.

9. Кәмелетке толмағандар жөнінде сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалардың атқарылуын бақылау қызметі ҚР Ішкіісминінің 1998 жылғы 4 сәуірдегі N 434 бұйрығымен жарияланған Нұсқаулықпен реттелетін ішкі істер органдары әкімшілік полициясының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөлімшелері жүзеге асырады.

10. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің жанындағы ҚАЖД ( Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті) құрамындағы Қылмыстық-атқару инспекциясы басқармасы (бөлімі), қалалық ІІБ, облыстық ІІБ қылмыстық-атқару инспекцияларының бөлімдері (бөлімшелері):

1) Инспекциялардың қызметіне ұйымдық-әдістемелік басшылық пен

бақылауды қамтамасыз етеді. Жүйелі түрде, жылына кемінде бір рет, ал қажет болған жағдайда өзге де мерзімділікпен олардың қызметін тексереді;

2) практикалық көмек көрсетеді, оң тәжірибені енгізеді, Инспекциялар жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіреді және олардың қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін арттыруды ұйымдастырады;

3) Инспекциялар жұмысын талдау негізінде қалалық ІІБ, облыстық ІІБ, Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің жанындағы ҚАЖД басшылығы үшін, сондай-ақ прокуратураға, сотқа және жергілікті өзін өзі басқару органдарына ақпараттық-талдау, есеп беру және өзге де материалдарын дайындайды.

11. Қалалық, аудандық ішкі істер органдарының инспекциялары*: _________

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

*Ескерту: Қалалық, аудандық ішкі істер органдары бұдан әрі қысқартып қолдану үшін - қалалық, аудандық органдар деп аталады.

1) өз қызметін Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Қылмыстық-атқару инспекциясы туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады;

2) өз қызметін қалалық, аудандық ішкі істер бөлімдерінің бастықтары бекіткен тоқсандық, жарты жылдық жұмыс жоспарлары, қалалық, аудандық органдар жоспарлары, сондай-ақ қызметкерлердің жеке жұмыс жоспарлары негізінде ұйымдастырады;

3) өз жұмысын басқа да құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен тығыз өзара іс-қимылда жүзеге асырады;

4) атқаруға келіп түскен үкімдер (ұйғарымдар, қаулылар) бойынша сотпен және аумақтық Құқықтық статистика және ақпарат орталығымен** тоқсан сайын салғастыру жүргізеді, бұл туралы үш дана етіп салғастыру актісі жасалады. Бірінші данасы сотта қалдырылады, екіншісі соттың соққан белгісімен аумақтық ҚСАО-ға табыс етіледі, ал үшіншісі Инспекциялардың істерінде сақталады; ____

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

**Ескерту: Құқықтық статистика және ақпарат орталығы бұдан әрі қысқаша - ҚСАО.

5) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер жөнінде азаматтардың және сотталғандардың хаттарын, арыз-өтініштерін, шағымдарын қарайды.

12. Қалалық, аудандық ішкі істер органдары бастықтарының Инспекциялар қызметі мәселелеріндегі жауапкершілігі.

Қалалық, аудандық ішкі істер органдарының бастықтары Инспекциялар қызметі мәселелерінде:

1) Инспекцияға жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның қызметіне бақылау жасайды және жұмысын ұйымдастыруға практикалық көмек көрсетеді;

2) түзеу жұмыстарына сотталғандар, белгілі бір қызметті атқару немесе

белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айырылғандар, шартты түрде сотталғандар және жазасын өтеу кейінге қалдырыла отырып сотталғандар жөнінде, жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдер (бұдан былай - сотталған әйелдер) жөнінде үкімдердің орындалуын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

3) Инспекцияның жұмыс жоспарларын қарайды, бекітеді, олардың атқарылуын бақылайды, сондай-ақ қалалық, аудандық ішкі істер органының жұмыс жоспарларына Инспекцияның қызметімен байланысты мәселелерді және сотталғандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды жеке бөлім етіп қосады;

4) тоқсанына бір рет қызметтік іс-әрекет нәтижелері туралы Инспекция бастығының есептерін тыңдайды, Инспекция жұмысының кемшіліктерін жою және оны жетілдіру жөнінде шаралар қолданады. Сотталғандармен жүргізілетін жұмысқа қатысы бар қалалық, аудандық ішкі істер органдары қызметтерінің басшыларын олардың мінез-құлқын бақылаудың нәтижелері туралы оқтын-оқтын тыңдап отырады;

5) Инспекцияның қалалық, аудандық ішкі істер органдарының басқа да қызметтерімен өзара іс-қимылын бірлескен алдын алу іс-шараларын жоспарлау мен жүргізу, сондай-ақ тиісті ақпарат алмасу негізінде ұйымдастырып, үйлестіреді;

6) әкімшілік және қылмыстық полиция бөлімшелерінің жеке құрамын сотталғандардың мінез-құлқын бақылау, олардың тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу және бой тасалаған сотталғандарды іздеу жөніндегі жұмысқа тартуды, сондай-ақ Инспекцияға келуден жалтарған сотталғандарды алып келу туралы қаулылардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді;

7) сотталғандар тарапынан қайталанып жасалған қылмыс фактілері жөнінде белгіленген тәртіппен қызметтік тексерулер жүргізуді қамтамасыз етеді және олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданады;

8) Инспекциядағы бос тұрған лауазымдардың уақтылы толтырылуын және сырқатына, демалыста болуына байланысты жұмыста жоқ қызметкерлердің орнын басуды қамтамасыз етеді;

9) жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, прокуратураны, сотты, кәсіпорындардың, ұйымдардың әкімшілігін, сондай-ақ қалалық ІІБ, ІІБ басшылығын қылмыстарды атқару жөніндегі жұмыстың және қылмыстық жауаптылықты іске асырудың өзге де шараларының жай-күйі туралы хабардар етеді;

10) Инспекцияның үй-жайларға, байланыс құралдарына, жиһазға, басқа да мүлікке деген қажеттіктерін толық әрі уақтылы қанағаттандыру үшін шаралар қолданады, сондай-ақ бастапқы іздеу іс-шараларын, сотталғандарға тұрғылықты

жері бойынша тексерулер жүргізу, оларды сотқа жеткізу үшін және басқа да қажетті жағдайларда көлік бөледі.

13. Инспекцияның учаскелік полиция инспекторларымен сотталғандарға тұрғылықты жері бойынша бақылауды жүзеге асыру мәселелеріндегі өзара іс-қимылы.

Учаскелік полиция инспекторы:

1) Инспекциядан рапорт (М 5 нысан) алынған кезде қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза шараларына сотталған адамдардың тұрғылықты жері, жұмыс немесе оқу орны бойынша мінез-құлқын бақылауда Инспекцияға жәрдем жасайды, жиналған материалдарды Инспекцияға береді;

2) егер сотталған шалғайдағы елді мекенде тұрса және Инспекцияға тіркеуге жүйелі түрде келіп тұра алмаса, онда қалалық, аудандық ішкі істер органдарының бастығы бекіткен жазбаша рапортпен сотталғандарды тұрғылықты жері бойынша тіркеуді жүргізеді.

14. Жүрген жері белгісіз сотталғанды іздеу жөніндегі бастапқы іс-шараларды ол тіркеуінде тұрған Инспекция жүргізеді. Сотталған әйел босатылған күнінен бастап екі апта мерзімде келмеген жағдайда Инспекция оның жүрген жерін анықтау жөнінде белгіленген тәртіппен іздеу жариялайды.

15. Іздеу жөніндегі бастапқы іс-шараларды жүргізу кезінде Инспекция қызметкері:

1) сотталғанның туыстарын, көршілерін және оның байланыстары мен ықтимал жүрген жері туралы мәліметтерден не сотталғанды іздеуге жәрдемдесуі мүмкін өзге деректерден хабардар болуы мүмкін басқа да азаматтарды сұрастырады;

2) сотталған жұмыс істеген ұйым арқылы оның ықтимал жүрген жері туралы деректерді, сондай-ақ әскери комиссариат, мекен-жай анықтамалық бюросы арқылы тіркелген жерін, іс жүзінде тұрғылықты жерінің мекен-жайын анықтайды;

3) ішкі істер органдарының есептері бойынша ұсталғандардың, қамауға алынғандардың, сотталғандардың және бұдан бұрын іздеуде деп саналғандардың арасынан бой тасалаған адамды айқындау мақсатында, сондай-ақ медициналық мекемелердің, мәйітханалар мен жазатайым оқиғаларды тіркеу бюроларының есептері бойынша тексерулерді жүзеге асырады;

4) басқа аймақтардың ішкі істер органдарына ізделушіні оның туыстары мен таныстарының тұрғылықты жері бойынша анықтау үшін сұрау салады.

16. Бастапқы іздеу іс-шараларының барысында алынған материалдар сотталғанның жеке ісіне қоса тігіледі.

17. Егер он күн мерзім ішінде іздеу қимылдарын жүргізу нәтижесінде түзеу жұмыстарына сотталғанның және сотталған әйелдің жүрген жері екі апта мерзім

ішінде анықталмаса, Инспекция қаулы (N 31 нысандағы) шығарады және бастапқы тексеру материалдарымен және сот үкімінің (ұйғарымының) көшірмесімен бірге сотқа жолдайды.

Осымен бір мезгілде түзеу жұмыстарына сотталғанға, сотталған әйелге қатысты Инспекция осы Нұсқаулықтың 2 және 5-бөлімдерінің 28-5 және 46-7 тармақтарында аталған материалдарды қоса отырып, түзеу жұмыстарын жазаның басқа түрімен алмастыру не жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдырудың күшін жою туралы сотқа ұйғарым (N 17 нысан) жолдайды.

18. Іздеу жарияланған, тұрғылықты жерінен бой тасалаған түзеу жұмыстарына сотталған адам прокурордың санкциясымен 10 тәулік мерзімге тұтқындалуы мүмкін.

Ізделуші табылған кездегі ішкі істер органдарының іс-әрекеті және оның қамауда ұстау тәртібі қолданылып жүрген заңдар мен Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

19. Егер бастапқы іздеу іс-шаралары нәтижесінде шартты түрде сотталғанның жүрген жері 30 күн ішінде анықталмаса, инспекция осы Нұсқаулықтың 4-бөлімінің 40-8-тармағында аталған материалдарды қоса отырып, шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны атқару туралы сотқа ұйғарым (N 17 нысан) жолдайды.

2. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны атқару

20. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны атқару мыналарды қамтиды:

1) сотталғандарды есепке алу;

2) жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын түсіндіру;

3) сотталғандардың жазаны өтеу шарттарын сақтауын және сотталғандардың жұмыс орны бойынша ұйым әкімшілігінің сот үкімі талаптарын орындауын бақылау;

4) сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу;

5) сотталғандардың мінез-құлқын бақылау және жұмыс істемейтін адамдарды жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарға жұмысқа орналастыру үшін жіберу;

6) сотталғандарды іздеу жөніндегі бастапқы іс-шараларды жүргізу, тиісті қызметке жүрген жері белгісіз сотталғандар туралы материалдарды дайындау және беру;

7) жазаны өтеу кезеңінде жұмыстан өз тілегі бойынша босауға рұқсаттар беру ;

8) сотталғандарға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану;

9) сотталғандардың еңбекақысынан ұстап қалудың дұрыстығы мен уақтылылығын және ұсталған сомалардың мемлекет кірісіне аударылуын бақылау;

10) қолданылып жүрген заңдарда көзделген өзге де іс-шараларды жүргізу.

21. Сот үкімін (ұйғарымын, қаулысын) атқаруға қабылдау:

1) түзеу жұмыстарына шығарылған үкімдер Инспекцияға үкімнің ( ұйғарымның, қаулының) көшірмесімен бірге соттың тиісті өкімі келіп түскен күннен бастап он бес күн мерзімнен кешіктірілмей атқарылады;

2) сотталғанды есепке қою үшін үкімнің (ұйғарымның, қаулының) көшірмесімен бірге соттың тиісті өкімі негіз болып табылады;

3) үкім өзгертілген жағдайда заңда белгілеген тәртіппен сот үкімінің көшірмесіне мыналар қосылады:

үкім өзгерген ретте - кассациялық немесе қадағалау инстанциясы ұйғарымының (қаулысының) көшірмелері;

бас бостандығынан айырудың өтелмеген мерзімі түзеу жұмыстарымен алмастырылған ретте - сот ұйғарымының көшірмесі;

бас бостандығынан айыру кешірім жасау ретімен түзеу жұмыстарына алмастырылған кезде - ұйғарымның көшірмесі;

4) сот үкімінде (ұйғарымында, қаулысында) жазаны не қылмыстық жауаптылықтың өзге шараларын қолданудың дұрыстығы бөлігінде үкімнің мәнін қозғайтын, оны атқаруға кедергі жасайтын түсініксіздіктер, қателер табылған жағдайда, сондай-ақ үкімде алдыңғы үкім бойынша жазаның өтелмеген бөлігін қосу туралы нұсқаудың жоқтығы анықталған жағдайда Инспекция үш күн мерзімде прокуратура органдарына соттың осы үкіміне қарсылық білдіру туралы мәлімдеме жолдайды;

5) бас бостандығынан айырудың өтелмеген мерзімі түзеу жұмыстарымен алмастырылған адамдарға түзеу мекемелері ұйғарымның (қаулының), нұсқаманың екі көшірмесімен бірге үкімнің екі көшірмесін, сотталғанның келіп жеткен күнінен бастап үш күн мерзімде Инспекцияға баруы туралы тілхатын, сондай-ақ сотталғанның босатылған күнін, туыстық және басқа да жақын байланыстарын көрсете отырып анықтама жолдайды;

6) үкімнің (ұйғарымның, қаулының) көшірмесі оған қосымшалармен бірге келіп түскен күні қалалық, аудандық ішкі істер органының кіріс құжаттар журналында тіркеледі, содан кейін бастықтың бұрыштамасымен нөмірленген, тігілген және хатталған арнаулы есепке алу журналында (N 1 нысан) тіркеу үшін Инспекцияға беріледі. Нақ осындай тәртіппен сотталғандардың жұмыс орны мен тұрғылықты жерін өзгертуіне байланысты басқа Инспекциялардан келіп түскен жеке істер тіркеледі;

7) үкім (ұйғарым, қаулы) қабылдаған сотқа, сотталған босатылған түзеу мекемесіне Инспекция оны есепке қойған күні сот шешімінің атқаруға қабылданғаны туралы хабарлама (N 2 нысан) жібереді;

8) үкімнің (ұйғарымның, қаулының, нұсқаманың) көшірмелері тіркелгеннен

кейін әрбір сотталғанға есеп карточкасы (N 3 нысан), күзет карточкасы (N 27 нысан) толтырылады, бақылау - мерзімдік карточкасы (N 19 нысан) және жеке іс (N 14 нысан) ашылады;

9) есеп карточкасы сотталғандарды дербес есепке алу картотекасына, ал бақылау-мерзімдік карточкасы бақылау-мерзімдік картотекасына салынады;

Сотталғанның жеке ісінде үкімнің көшірмелері (тиісті жағдайларда - ұйғарымның, қаулының, нұсқаманың көшірмелері) мен жазаны атқару процесін ұйымдастыру мен жүзеге асыруға қатысты барлық материалдар сақталады. Жеке істегі материалдар тігілуге, нөмірленуге және істің мұқабасының ішкі жағындағы тізімдемеге енгізілуге тиіс. Жеке іс пен есепке алу карточкасының реттік нөмірлері бір біріне, сондай-ақ үкімнің (ұйғарымның, қаулының, нұсқаманың) көшірмесі есепке алу журналында тіркелген нөмірге сәйкес келуге тиіс. Жеке істер мен картотека металл шкафта сақталады, ол жұмыс күні аяқталған соң құлыппен жабылып, мөрленеді.

10) сотталғанның есепке қойылғаны туралы сотталғанның тұрғылықты жері бойынша қажетті алдын алу іс-шараларын жүргізу, оның мінез-құлқын және белгіленген міндеттерді сақтауын бақылау үшін Инспекция қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығына рапортпен (N 5 нысан) баяндайды;

11) кәмелетке толмаған сотталған жөнінде Инспекция қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығына оны әкімшілік полициясы қызметінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекциясына есепке қою үшін рапортпен (N 6 нысан) баяндайды;

12) мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын адамдардың есепке қойылуы туралы тиісті қалалық, аудандық әскери комиссариаттарға хабарлама ( N 17 нысан) жіберіледі және оның расталуы талап етіледі;

13) есепке қойылғаннан кейін сотталған Инспекцияға әңгімелесу үшін шақырылады, әңгіме барысында оның сауалнамалық деректері нақтыланып, тексеріледі, жазаны өтеу тәртібі мен шарттары, оның құқықтары мен міндеттері, көтермелеу және жаза шараларын қолдану негіздері мен тәртібі түсіндіріледі, сотталғанның жақын туыстары мен оған ықпал ете алатын адамдар туралы мәліметтер, сондай-ақ оның мінез-құлқына бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелер анықталады. Әңгіме аяқталғаннан кейін сотталғаннан тілхат (N 8 нысан) алынады да анықтама жасалады, олар оның жеке ісіне тігіледі.

22. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны атқару тәртібі:

1) түзеу жұмыстары түріндегі жазаны сотталғандардың негізгі жұмыс орны бойынша Инспекциялар жүзеге асырады;

2) осы Нұсқаулықтың нақ осы бөлімінің 7 - 13) тармақшаларында белгіленген тәртіппен түзеу жұмыстарына сотталған адамдарға құжаттарды ресімдеп,

Инспекция келесі күннен кешіктірмей сотталғанның жұмыс орнын алдын ала нақтылап, осы ұйымның әкімшілігіне үкімнің (ұйғарымның, қаулының, нұсқаманың) көшірмесін, хабарлама (N 9 нысан) жолдайды;

3) түзеу жұмысына сотталғандар Инспекцияға үкімнің (ұйғарымның, қаулының) көшірмесімен соттың тиісті өкімі келіп түскен күннен бастап 15 күннен кешіктірілмей жазасын өтеуге тартылады;

4) түзеу жұмысына сотталғандар жазасын өздері сотталғанға дейін жұмыс істеген ұйымда өтейді. Аталған адамдарды басқа қызметке немесе жұмысқа ауыстыру немесе босату тек қана Инспекциямен келісім бойынша жүргізіледі. Түзеу жұмыстарын өтеу кезеңінде сотталғандардың Инспекцияның жазбаша рұқсатынсыз өз тілегі бойынша жұмыстан босауына тыйым салынады. Жұмыстан босауға рұқсат және одан бас тартылу туралы қаулыны (N 10 нысан) Инспекция жұмыстан босау себептерінің негізділігін тексергеннен кейін сотталғанның жазбаша өтініші негізінде шығарады. Жұмыстан босауға рұқсат беруден бас тартылу жазбаша түрде дәлелденуге тиіс. Сотталғанға оның қабылданған шешімге прокуратура органдарына шағымдану құқығын түсіндіру қажет;

5) егер сотталғанның тұрғылықты жері бір Инспекция қызмет көрсететін аумақта, ал жұмыс орны басқа аумақта орналасса, онда сотталғанның тұрғылықты жері бойынша тәрбие іс-шараларын жүргізу қажет болған жағдайда ол есепте тұрған Инспекция тұрғылықты жері бойынша Инспекцияға тиісті тапсырма бере алады;

6) белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі түзеу жұмыстарына тағайындалған қосымша жазаны сотталғандардың тұрғылықты жері бойынша Инспекциялар атқарады.

23. Түзеу жұмыстарына сотталған адамдарды дербес есепке алу:

1) дербес есепке алу түзеу жұмыстары түріндегі жазаның атқарылуын қамтамасыз етуге, барлық сотталғандарды еңбекпен қамтуға, олардың еңбекақыларынан ұстап қалуды дұрыс жүргізуге, заңдарда көзделген жағдайларда адамдарды жазадан уақтылы босатуға жәрдемдесуге тиіс.

Дербес есеп құжаттары мыналар болып табылады: түзеу жұмыстарын өтеуші адамдарды есепке алу журналы, есепке алу карточкасы және жеке ісі;

2) түзеу жұмыстарына сотталғандар есептің мынадай түрлерінің бірінде тұрады: жедел, бақылау және дербес есеп құрайтын ізделушілер есебі;

3) жедел есепте мына адамдар тұрады:

еңбекақысынан мемлекет кірісіне ұстап қалу жүргізілетін түзеу жұмыстарына сотталғандар;

қосымша және жыл сайынғы ақы төленетін демалыстарда жүргендер;

ауыр сырқатына, ақыл-есі бұзылуына байланысты жазасын өтеу кейінге

қалдырылғандар, сондай-ақ жазасын өтеу жүктілігіне байланысты кейінге қалдырылған сотталған әйелдер;

түзеу жұмыстарын бас бостандығын шектеумен, қамауға алумен немесе бас бостандығынан айырумен алмастыру үшін, сондай-ақ ауыр сырқатына, ақыл-есінің бұзылуына немесе мүгедектігіне байланысты жазасын одан әрі өтеуден босату туралы соттарға мәлімдемелер енгізілген адамдар;

4) бақылау есебінде мына адамдар тұрады: есепке қойылған күннен бастап 15 күн өткенге дейін жұмысқа кірмегендер;

жазасын өтеп жүрген уақытта бұрынғы жұмыс орнынан босатылған және жаңа жұмысқа кірмеген немесе жұмыстан босатылған күнінен бастап 15 күн ішінде тіркеуі бар бола тұрып жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмегендер;

егер сырқаттану уақыты түзеу жұмыстарын өтеу мерзіміне есептелмесе, сырқатына байланысты жұмыс істемейтіндер;

Инспекция қызмет көрсететін аумақтан тыс жерлерге кеткен, олар жөнінде жеке істерінің алынғаны туралы растау келіп түспегендер;

басқа қылмыс жасауына байланысты тыйым салу шарасы тәртібімен тұтқында отырғандар;

әкімшілік жауапкершілікке тартылуына байланысты қамауда ұсталатындар;

маскүнемдіктен, есірткіқұмарлық пен уытқұмарлықтан ауруханада емделіп жатқандар;

5) ізделушілер есебінде өздері жөніндегі материалдар сотқа берілген адамдар тұрады.

24. Түзеу жұмыстары түріндегі жаза мерзімін есептеу:

1) түзеу жұмыстарының мерзімі сотталған жұмыс істеген және соның ішінде оның еңбекақысынан ұстап қалу жүргізілген жылдармен және айлармен есептеледі;

2) сотталған жұмыс істеген күндер саны сот белгілеген жаза мерзімінің әр айына тұстас келетін жұмыс күндерінің санынан кем болмауға тиіс;

3) егер сотталған аталған жұмыс күндері санын өткермесе және өткерілмеген күндерді жаза мерзіміне есептеу үшін Қылмыстық-атқару кодексінде белгілеген негіздер болмаса, түзеу жұмыстарын өтеу сотталған тиісті жұмыс күндері санын толық өткергенге дейін жалғастырылады;

4) түзеу жұмыстарын өтеу мерзімінің басы сотталған жұмыс істейтін ұйым әкімшілігінің Инспекциядан сот үкімінің (ұйғарымының, қаулысының) көшірмесін және басқа да құжаттарды алған күні болып табылады;

5) сотталған жұмыс істеген және оның еңбекақысынан ұстап қалу жүргізілген уақыттан басқа түзеу жұмыстарын өтеу мерзіміне сол сияқты мыналар есептеледі :

сотталған дәлелді себептермен жұмыс істемеген уақыт, бұл мерзімге сол сияқты сотталған ресми түрде жұмыссыз болып танылған уақыт та есептеледі;

сотталғанның сырқаты қатарынан төрт айдан аса созылған ретте Инспекция оны жазасын өтеуден босату туралы сотқа мәлімдеме енгізеді;

жазасын өтеу кезеңінде сотталған әйелдің аяғы ауырлаған ретте инспекция оның жүктілігі мен босануына байланысты демалыс берілген сәттен бастап жазасын өтеуді кейінге қалдыру туралы сотқа ұсыным енгізеді;

жұмыс уақытын жинақтап есепке алу қолданылатын ұйымдарда жұмыс істейтін сотталғандарға жазаны өтеу мерзімі жұмыс сағаттарының белгіленген санынан аспайтын есепке алу кезеңіндегі жұмыс уақытының ұзақтығына қарай есептеледі;

6) жазаны өтеу мерзіміне мыналар есептелмейді:

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 38-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, өтеу барысында сотталған жұмыс істемеген уақыт;

ішімдікпен, есірткілік және уыттылық мастанумен байланысты немесе сонымен байланысты әрекеттерден туындаған сырқаттану уақыты;

қамауға алу түріндегі әкімшілік жазаны өтеу, сондай-ақ жазасын өтеу кезеңінде басқа қылмыстық іс бойынша тыйым салу шарасы тәртібімен қамауда болу уақыты;

7) ақыл-есінің бұзылуына байланысты сотталғанды жазасын өтеуден босату туралы ұсыным түріндегі әкімшілік жазаны өтеу оны жеке ісімен және сот-психиатриялық сараптау комиссиясының қорытындысымен сотқа жіберіледі;

8) медициналық немесе медициналық әлеуметтік сараптау комиссиясының қорытындысы бойынша сотталған адам 1 немесе 2 топтағы мүгедек деп танылған жағдайда сотқа оны жазасын одан әрі өтеуден мерзімінен бұрын босату туралы ұсыным (N 18 нысан) енгізіледі;

9) сотталған әйелдің жазасын өтеу кезеңінде аяғы ауырлаған жағдайда Инспекция сотқа жүктілігі мен босануына байланысты демалыс берілген күнінен бастап жазасын өтеуді кейінге қалдыру туралы ұсыным (N 30 нысан) жібереді. Бұл ретте сотқа ұсыныммен бірге: сотталған әйелдің жұмыс орнынан жүктілігі мен босануына байланысты жұмыстан босатылған күні көрсетілген анықтама, тұрғылықты жерінен анықтама жіберіледі;

10) зейнет демалысына шыққан және жұмысты тоқтатқан адам жөнінде Инспекция үкімнің одан әрі атқарылуы туралы мәселені шешу үшін сотқа жүгінеді.

25. Түзеу жұмыстарына сотталғандардың еңбекақысынан ұстап қалу жүргізу тәртібі:

1) сотталғандардың еңбекақысынан сот үкімімен белгіленген мөлшерде ұстап қалу жүргізіледі;

2) түзеу жұмыстарына сотталғандардың еңбекақысынан ұстап қалу жүргізудің басы болып жазаны өтеу мерзімінің басталған күні саналады;

3) ұстап қалу сотталғанның негізгі жұмыс орны бойынша еңбекақысынан, қосымша төлемдердің барлық түрлерін, соның ішінде, егер олар біржолғы сыйақы сипатында болмаса, еңбекке ақы төлеу жүйесімен көзделген ақшалай сыйлықтарды қоса, әрбір жұмыс істеген ай үшін жүргізіледі.

Ұстап қалу әрбір жұмыс істеген ай үшін айдың екінші жартысына еңбекақы төленген кезде, ал жұмыстан босатылған кезде айдың жұмыс істелген бөлігі үшін жүргізіледі;

4) ұстап қалу сотталғанның еңбекақысынан салық пен басқа да төлемдер шығарылып тасталмай, сондай-ақ оған атқару құжаттары бойынша талаптардың бар-жоғына қарамастан жүргізіледі;

5) Инспекция, сотталғанның өзі немесе ол жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігі оның материалдық жағдайы нашарлаған жағдайда еңбекақысынан ұстап қалудың мөлшерін төмендету туралы сотқа өтініш беруге хақылы. Ұстап қалу мөлшерін төмендету туралы шешім сотталғанның барлық табыстары ескеріле отырып шығарылады;

6) әскери-оқу жиындарына шақырылған сотталғандардың жұмыс орны бойынша төленетін еңбекақысынан ұстап қалу жүргізіледі;

7) ұстап қалу жүргізілген кезде сотталғанның еңбекақысының ақшалай және заттай бөлігі ескеріледі. Бұл ретте табыстың заттай бөлігі ұйымның билік етуіне қалдырылады, ал оның мемлекеттік сатып алу (нарықтық) бағасы бойынша құны мемлекет кірісіне аударылады. Табыстан олардың заттай бөлігінде ұстап қалу оның келіп түсуіне қарай және түпкілікті есеп айырысу кезінде жүргізіледі;

8) оларға ай сайын еңбекақы есептелмейтін және еңбекақысы белгілі бір кезеңнің (жылдың, маусымның, рейстің, жұмыстың белгілі түрін орындауды аяқтаудың) қорытындылары бойынша айқындалатын адамдардан ұстап қалу еңбекақының есептелуіне қарай жүргізіледі. Түпкілікті есеп айырысу сотталғанның өткен жылдағы табысы туралы салық және қаржы органдарының деректері ескеріле отырып жүргізіледі;

9) жеке-еңбек қызметімен шұғылданатын адамдардан және фермерлерден ай сайынғы ұстап қалу сомасы олардың декларацияларында жария етілген болжалды табыстарына қарай айқындалады. Түпкілікті есеп айырысу олардың алған пайдасының мөлшеріне қарай жыл қорытындылары бойынша жүргізіледі. Болжалды табыстар мен алынған пайда туралы деректерді Инспекциялар сотталғандардың тұрғылықты жері бойынша салық органдарынан сұратып алдырып және олардың жеке істеріне қосып тігеді. Жеке-еңбек қызметімен

шұғылданатын адамдар, фермерлер ай сайын пайдасынан ұсталатын ақшаны мемлекет кірісіне аударады;

10) осы тармақтың 8) және 9) тармақшаларында аталған адамдарға ұйымдар жұмысының жалпы нәтижелері үшін жыл қорытындылары бойынша сыйақылар есептелген кезде, түпкілікті есеп айырысқан кезде және еңбекақы төленген кезде ұстап қалу барлық есептелген сомадан емес, осы адамдар түзеу жұмыстарын өтеген уақытқа бара-бар жүргізіледі;

11) мыналардан ұстап қалу жүргізілмейді:

сотталғандар әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру тәртібімен алатын зейнетақылар мен жәрдемақылар;

еңбекақы жүйесінде көзделмеген біржолғы сипаттағы төлемдер мен сыйақылар (соның ішінде пайдаланылмаған демалысы үшін берілген өтемақылар);

12) сотталғанның уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақы оның еңбекақысынан сот үкімімен белгіленген мөлшердегі ұстап қалу шегеріле отырып есептеледі;

13) ұстап қалған сомаларды ай сайын еңбекақы берілген күні сотталған жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігі мемлекет кірісіне аударады;

Төлем тапсырыстарымен бір мезгілде банк мекемесіне жүргізілген ұстап қалу бойынша есептеу мәліметтері (N 9 нысан) жіберіледі. Есептеу мәліметтері төлем тапсырысының бетінде де, сол сияқты сырт жағында да көрсетіледі;

14) Инспекциялардың қызметкерлері ай сайын есепке алу карточкалары бойынша ұстап қалған сомалардың дұрыстығы мен уақтылы келіп түсуін тексереді әрі жөнсіздіктер анықталған ретте оларды жою үшін шаралар қолданады;

15) ұстап қалған ақша мезгілінде аударылмаған жағдайда Инспекция аударым жасау жөніндегі мәселені шешу үшін:

аударылған ұстап қалу сомасын даусыз (акцептсіз) есептен шығару туралы талап-арызбен сотқа;

сот шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыратын прокуратура органдарына жүгіне алады;

16) Инспекциялардың қызметкерлері жылына кемінде бір рет сотталғандардың еңбекақыларынан ұстап қалудың дұрыстығын тікелей олардың жұмыс орны бойынша тексереді. Тексеру нәтижелері туралы акт (N 12 нысан) екі дана етіп жасалады, оның бірі ұйымда қалады, ал екіншісі ұйым әкімшілігі өкілінің актімен танысқаны туралы белгісімен Инспекцияда сақталады және анықталған кемшіліктердің жойылуын бақылау үшін пайдаланылады;

17) сотталғанның жұмысы, оның еңбекақысы және жүргізілген ұстап қалу туралы есептеу мәліметтері бұрмаланып табыс етілген жағдайда Инспекция бұл

жайында прокуратураға жазбаша түрде хабарлайды;

18) сотталғандардың еңбекақысынан ұсталған сомалардың аударылуы және жұмыс істелген күндер саны туралы мәліметтер олардың есепке алу карточкаларына ағымдағы шоттар мен есептік мәліметтерден үзінділер негізінде олар Қазақстан Республикасының банк мекемесінен Инспекцияға келіп түскен күні енгізіледі.

Ағымдағы шоттардан үзінділер, төлем тапсырмаларының көшірмелері мен есептеу мәліметтері арнаулы істерге тігіледі, ал сотталғандардың есепке алу карточкаларында осы құжаттар іске тігілген реттік нөмірге сілтеме жасалады. Төлем тапсырмаларының көшірмелері ағымдағы шоттардан жасалған тиісті үзінділерден кейін осы үзінділерде көрсетілген сомалар орналасқан ретпен тігіледі;

19) істің тоқтатылуымен сот үкімінің күші жойылған немесе ол өзгертілген жағдайда сотталғанның еңбекақысынан артық ұсталып қалған сомалар оған толығымен қайтарылады. Қайтару үшін қадағалау инстанциясының үкімнің күшін жою және істі тоқтату немесе үкімді өзгерту туралы ұйғарымы (қаулысы) негіз болып табылады.

Ұсталып қалған сомаларды қайтару оларды жергілікті бюджет қаражатынан банк мекемелері арқылы аударым жасау жолымен жүргізіледі. Егер жазадан босатылған адам осы кезде жұмыс істемейтін немесе басқа жерде жұмыс істейтін болса, аталған соманы бұл адамға қайтару почта аударымы арқылы жүргізіледі;

20) жазаның мерзімі аяқталған күні Инспекция сотталғанның жұмыс орны бойынша оның түзеу жұмыстарын өтегені туралы хабарлау (N 11 нысан) жібереді және ұйымның әкімшілігіне оның еңбекақысынан ұстап қалуды тоқтатуды ұсынады. Сотталған басқа негіздер бойынша босатылған кезде ұйым әкімшілігі тиісті құжаттар алынғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей хабардар етіледі. Сотталғанға жазаны өтегені туралы немесе одан босатылғаны туралы анықтама (N 14 нысан) беріледі.

26. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеп жүрген адамдарға қолданылатын көтермелеу шаралары:

Өздерінің түзелгенін дәлелдеген сотталғандарды Инспекция Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 70-бабына сәйкес жазасын өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босатуға ұсынуы мүмкін.

27. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеп жүрген сотталғандарды шартты-мерзімінен бұрын босатуға ұсыну тәртібі:

1) әрбір сотталғанға қатысты шартты-мерзімінен бұрын босатуды сотталған жаза мерзімінің кемінде жартысын іс жүзінде өтегеннен кейін ғана қолдануға болады. Инспекция бір ай мерзімде мәселені қарап, жазаны өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босатуға ұсыну туралы немесе босатуға ұсынудан бас

тарту туралы негізді қаулы (N 20 нысан) шығаруға міндетті;

2) жазасын өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босату туралы ұсыныста сотталғанның жеке басын, оның мінез-құлқын, жазасын өтеу кезіндегі еңбекке құлықтылығын, сондай-ақ жасаған ісіне көзқарасын сипаттайтын мәліметтер қамтылуға тиіс. Ұсыныспен бір мезгілде сотқа: жұмыс орны мен тұрғылықты жерінен мінездемелер, сондай-ақ оның түзелуін растайтын басқа да құжаттар жіберіледі;

3) сот жазасын өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босатудан бас тартқан жағдайда сотқа соттың бас тарту жөніндегі ұйғарымы шығарылған күннен бастап кемінде алты ай өтпейінше осы негіз бойынша қайталап ұсыным енгізуге болмайды.

28. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін және жазаны өтеуден қасақана жалтарғаны үшін жауаптылық:

1) түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзу:

алдыңғы жұмыс орнынан босатылған күннен бастап 15 күн ішінде орынды себептерсіз жұмысқа түспегендер не нақ осы мерзім ішінде жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарға есепке тұрудан жалтару;

Инспекцияға орынды себептерсіз келмеу;

сот белгілеген міндеттерді бұзу;

жұмыста болмау немесе жұмысқа ішкілікпен, есірткімен немесе уытпен мастанған күйінде келу болып табылады;

2) тәртіп бұзушылықтың осы тармағының 1) тармақшасында аталған кез-келген тәртіп бұзу анықталғаннан кейін 15 күн ішінде Инспекция мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

сотталғанды Инспекцияға шақырады (тұрғылықты жері бойынша оған барады) және одан жол берілген тәртіп бұзушылықтың себептері туралы түсініктеме алады, қажет болған жағдайда жазасын өтеудің белгіленген тәртібі мен шарттарын сақтамауының объективті себептерінің болуын растайтын құжаттарды талап етеді;

сотталғанмен жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын сақтау, қайталап тәртіп бұзушылыққа жол бермеу қажеттігі туралы алдын алу әңгімесін өткізеді, бұл туралы анықтама жасайды; сотталғанның орынды себептері болмаған жағдайда оған түзеу жұмыстарының жазаның басқа түрімен алмастырылу мүмкіндігі туралы жазбаша ескерту (N 16 нысан) жасайды;

3) шалғай жерде тұратын сотталған шақыру бойынша немесе тіркеуге орынды себептерсіз келмеген жағдайда Инспекция оны алып келтіру туралы қаулы (N 21 нысан) шығарады;

4) тәртіп бұзушылықтардың осы тармағының 1) тармақшасында аталған кез-келген тәртіп бұзу үшін оған екі мәрте жазбаша ескерту жарияланғаннан

кейін жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын қайталап бұзуға жол берген, сондай-ақ тұрғылықты жерінен бой тасалаған, жүрген жері белгісіз сотталған түзеу жұмыстарын өтеуден қасақана жалтарушы болып танылады;

5) жазасын өтеуден қасақана жалтарған сотталғандар жөнінде Инспекция Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 43-бабының 4 бөлігіне сәйкес сотқа түзеу жұмыстарын жазаның басқа түрімен алмастыру туралы ұсыным (N 17 нысан) жібереді.

Ұсынымда сотталғанның жазасын өтеуден жалтаруының нақты фактілері көрсетіледі: жұмыста болмауының саны, жұмыстан босатылғаннан кейін қандай уақыт ішінде ол жұмысқа кірген жоқ немесе жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарға есепке тұрған жоқ, Инспекцияға шақыру бойынша орынды себептерсіз келмегені, белгіленген міндеттерді қандай бұзушылыққа жол берді, оған жұмыс орны, тұрғылықты жері бойынша және Инспекция тарапынан қандай ықпал ету шаралары қолданылды, оларға ол қалай құлақ асты, сондай-ақ салынған жазалар мен алып келулердің болуы. Ұсынымға сотталғанның жұмыс орны мен тұрғылықты жерінен мінездеме, сотталғанның түсініктемесі және басқа да құжаттар қоса беріледі.

Жүрген жері белгісіз сотталған жөнінде ұсынысты оның жазасын өтеуден жалтару мақсатымен бой тасалағаны туралы қолда бар мәліметтер және бастапқы іздеу іс-шараларының нәтижелері көрсетіледі;

6) жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін түзеу жұмыстарын алмастыру туралы ұсыным сотқа қайталап тәртіп бұзушылық анықталғаннан кейін 15 күн ішінде, ал тұрғылықты жерінен бой тасалаған адамдар жөнінде бастапқы іздеу іс-шаралары жүргізілгеннен кейін жіберіледі;

7) тұрғылықты жерінен бой тасалаған, жүрген жері белгісіз сотталған жөнінде Инспекция сотқа оны іздеуге жариялау туралы қаулы (N 31 нысан) шығарады әрі осы Нұсқаулықтың 1-бөлімінің 14-тармағына сәйкес іс-шараларды жүзеге асырады;

8) сот түзеу жұмыстарын жазаның басқа түрімен алмастырудан бас тартқан жағдайда осы мәселе бойынша қайталап ұсыныс беру сотталғанның жаңа, осы тармақтың 1) тармақшасында аталған жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзудың кез-келгенін жасағаннан кейін енгізіледі.

### 3. Белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі жазаны атқару

29. Белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі жазаны атқару өзіне мыналарды қамтиды:

1) сотталғандарды есепке алу;

2) сотталғандардың сот үкімінде көзделген белгілі бір қызметті атқаруға немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдануға салынған тыйымды сақтауын

бақылау;

3) үкім талаптарын сотталғандар жұмыс істейтін ұйым әкімшілігінің, сондай-ақ сотталғанға тыйым салынған белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдануға рұқсаттың күшін жоюға хақылы органдардың орындауын тексеру;

4) сотталғанмен тәрбие жұмысын жүргізуді ұйымдастыру;

5) қолданылып жүрген заңдарда көзделген өзге де іс-шараларды жүргізу;

6) сотталғандар әскери қызметке шақырылған немесе кірген немесе олар балама арнайы мемлекеттік қызметке кірген жағдайларда Инспекциялар әскери комиссариатқа немесе сотталғандардың қызмет өткеру орындарына қызмет өткерген кезінде осы жазаны атқару үшін олардың жеке істерін жібереді.

30. Сот үкімін атқаруға қабылдау тәртібі:

1) соттан, түзеу мекемесінен келіп түскен үкімнің көшірмесі қалалық, аудандық ішкі істер органының кіріс құжаттары журналында бастықтың бұрыштамасымен тіркеледі, атқару үшін Инспекцияға беріледі. Сотталғандарға басқа Инспекциялардан келіп түскен материалдар нақ осындай тәртіппен тіркеледі;

2) үкім көшірмесі келіп түскен күні Инспекция есепке алу журналында (N 22 нысан) тиісті деректемелерді, күзет (N 27 нысан) және бақылау-мерзімдік (N 19 нысан) карточкаларын толтырады, үкім қаулы еткен сотқа үкімнің атқаруға қабылданғаны туралы хабарлама (N 2 нысан) жібереді;

3) кәмелетке толмаған сотталған жөнінде Инспекция қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығына оны әкімшілік полициясы қызметінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекциясына есепке қою үшін рапортпен (N 6 нысан) баяндайды.

31. Белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі жазаны атқару тәртібі:

1) негізгі, сондай-ақ түзеу жұмыстарына, шартты соттауға, сотталған әйел жөнінде жазаны атқаруды кейінге қалдыруға қосымша жаза ретінде тағайындалған белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі жазаны атқаруды тұрғылықты жері бойынша Инспекциялар жүзеге асырады;

2) бас бостандығын шектеуге, қамауға алуға, тәртіптік әскери бөлімде ұстауға немесе бас бостандығынан айыруға жазаның қосымша түрі ретінде тағайындалған аталмыш жазаны атқаруды негізгі жаза түрлерін атқаратын мекемелер мен органдар, ал негізгі жаза түрін өтегеннен кейін - сотталғандардың тұрғылықты жері бойынша Инспекциялар жүзеге асырады.

Белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі қосымша жазаға да сотталған адам жазасының негізгі түрін өтеп жүрген мекеме әкімшілігінің сотталғанды оның орындауына тыйым

салынған жұмыстарға тартуына болмайды.

Мерзімнің аяқталуына дейін жиырма күн қалғанда, ал сотталған шартты-мерзімінен бұрын босатылған жағдайда немесе жаза неғұрлым жеңіл жазамен алмастырылған жағдайда - босатылған күні түзеу мекемесі оның өзі таңдаған тұрғылықты жері бойынша Инспекцияға сот үкімінің көшірмесін немесе сот үкімінен үзіндіні, сондай-ақ бағдарлау деректерін, босатылған күні, туыстық немесе өзге де жақын байланыстарын көрсете отырып, сотталған жөнінде анықтама жібереді. Сотталғанды босату туралы анықтамада сот тағайындаған қосымша жаза шарасы міндетті түрде көрсетіледі;

3) сот үкімінің атқарылуын қамтамасыз ету мақсатында Инспекция үш күн мерзімде:

сотталғанның жұмыс орнын анықтайды және сот үкімінің көшірмесі мен ұйым әкімшілігінің хабарламасын (N 24 нысан) жібереді;

іс-әрекеттің белгілі бір түрін атқаруға рұқсаттың күшін жоюға құқылы органдарға сот үкімінің көшірмесін немесе оның куәландырылған үзіндісі мен хабарлама (N 26 нысан) жібереді. Қылмыстың сипаты (экономикалық қызмет саласында, экологиялық қылмыстар, қозғалыс пен көлікті пайдалану қауіпсіздігіне қарсы және т.б.) мен іс-әрекеттің тыйым салынған түріне қарай Инспекция аталған құжаттарды қызметтің белгілі бір түрлерін лицензиялауды жүзеге асыратын органдарға, қоғамдық бірлестіктерге (аңшылар мен балық аулаушылар, қоршаған табиғи ортаны қорғау қоғамы және т.б.), жол полициясына жібереді;

сотталғанды онымен жазаны өтеу тәртібі мен шарттары туралы әңгіме өткізу үшін Инспекцияға шақырады. Әңгімелесу барысында оның сауалнамалық деректері нақтыланып, тексеріледі, оның міндеттері, үкім талаптарын орындамаудың салдарлары түсіндіріледі және тілхат (N 23 нысан) алынады. Өткізілген әңгіме туралы анықтама мен тілхат сотталғанның жеке ісіне тігіледі. Сотталғанның міндеттеріне: үкім талаптарын орындау, аталған жазаны өтеуімен байланысты құжаттарды Инспекцияның талап етуі бойынша табыс ету, Инспекцияны жұмыс орны, оның өзгергені немесе жұмыстан босатылғаны туралы хабардар ету кіреді;

сотталғанның есепке қойылуы туралы Инспекция бастығы тиісті ішкі істер органының бастығына сотталғанның тұрғылықты жері бойынша қажетті алдын алу іс-шараларын жүргізу үшін рапортпен баяндайды;

4) сотталғанның өзі атқару құқығынан айырылған қызметтен немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылданудан босатылғаны туралы, сондай-ақ рұқсаттың күші жойылуы және тыйым салынған іс-әрекетпен шұғылдануға құқық беретін құжаттардың алып қойылғаны туралы ұйымнан немесе тиісті органнан келіп түскен хабарлама журналға тиісті белгі соғылғаннан кейін сотталғанның жеке

ісіне тігіледі.

Сот үкімінің көшірмесі не Инспекцияның хабарламасы алынғаннан кейін үш күннен кешіктірілмей сотталғанның еңбек кітапшасына жазба енгізіледі. Сотталғанның қандай негізде, қандай мерзімге және қандай қызмет атқару құқығынан айырылғаны немесе қандай іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айырылғаны туралы оның еңбек кітапшасына жазба енгізілгені туралы хабарлау журналға белгі соғылғаннан кейін жеке ісіне қосылады;

5) сотталған есепке қойылғаннан кейін бір ай ішінде Инспекция оның жұмыс орны бойынша ұйым әкімшілігінің өзі құқығынан айырылған қызметті атқаратын немесе іс-әрекетпен шұғылданатын сотталғанмен еңбек шартын өзгерткенін немесе тоқтатқанын (егер сотталған осы ұйымнан жұмыстан босатылмаса), қандай қызмет (іс-әрекет) бойынша жаңа еңбек шарты жасалғанын, сондай-ақ тиісті органның рұқсаттың күшін жоюы мен сотталғанның тыйым салынған іс-әрекетпен шұғылдануына құқық беретін құжаттың алып қойылғанын тексереді ;

6) сотталған бұрынғы жұмыс орнынан босатылған жағдайда Инспекция сотталғанның босатылғаны туралы хабарлау алынған сәттен бастап бір ай мерзімде:

сотталғанның жаңа жұмыс орнын анықтайды;

жаңа жұмыс орны бойынша хабарлама (N 24 нысан) жібереді;

сотталғанның жаңа жұмыс орны бойынша оның еңбек кітапшасында сот үкіміне сәйкес келетін жазбаның болуын тексереді және оның қызметін ( іс-әрекет түрін) анықтайды. Сотталғанның еңбек кітапшасында жазба болмаған жағдайда Инспекция оның енгізуге шаралар қолданады;

7) сотталғанның жұмыс орны бойынша тексерудің нәтижелері туралы анықтама жасалады және есепке алу журналына белгі соғылады;

8) есепке қойылу сәтіне жұмыс істемейтін адамдар жөнінде Инспекция учаскелік полиция инспекторымен бірлесіп олардың жұмысқа орналасуын бақылауды жүзеге асырады;

9) егер өкімет өкілдері, жергілікті өзін өзі басқару органдарының қызметкерлері, мемлекеттік коммерциялық немесе өзге де ұйымдардың қызметкерлері белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру туралы заңды күшіне енген сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамаған жағдайда Инспекция олардың тарапына ұсыным (N 25 нысан) жолдайды;

10) сотталғанның сот үкімінің талаптарын бұзу фактісі анықталған ретте Инспекция онымен жеке әңгіме өткізеді, түсініктеме алады және ол тыйым салынған қызмет атқарған немесе тыйым салынған іс-әрекетпен шұғылданған уақыттың жаза мерзіміне есептелмейтіндігін түсіндіреді. Өткізілген әңгіме

туралы анықтама және сотталғанның түсінігі жеке ісіне қосылады.

Сотталған сот үкімінің талаптарын орындамаған уақыт анықталғаннан кейін жазаның ұзартылған мерзімі көрсетіле отырып, анықтама жасалады, оған анықталған фактіні растайтын тиісті құжаттар қосылады.

Жаза мерзімін ұзарту туралы қалалық, аудандық ішкі істер органдарының барлық мүдделі қызметтері, органдар мен ұйымдар хабардар етіледі, сондай-ақ есепке алу журналы мен күзет карточкасына белгі соғылады;

11) егер өкімет өкілдері, мемлекеттік қызметшілер, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметкерлері, мемлекеттік, коммерциялық немесе өзге де ұйымдардың қызметкерлері Инспекцияның ұсынымын алғаннан кейін сот үкімін орындамаған жағдайда (Инспекцияның сот үкімін орындау жөніндегі бірнеше мәрте жасалған талаптарын елемесе, созылыңқы сөзбұйдаға, өзге де іс-әрекеттерге немесе әрекетсіздікке жол берсе), Инспекция бұл жайында прокуратура органдарын жазбаша түрде хабардар етеді;

12) әрі қарай бақылау мақсатында Инспекция кемінде алты айда бір рет ұйым әкімшілігімен сотталғанның сот үкімін орындауын тексереді, бұл жөнінде есепке алу журналында тиісті белгі соғылады;

13) сотталғандар әскери немесе балама азаматтық қызметке шақырылған немесе кірген жағдайда Инспекция әскери комиссариатқа немесе сотталғандардың қызмет орны бойынша сот үкімінің көшірмесін қызмет өткерген кезде нақ осы жазаны атқару үшін жібереді. Ілеспе хатта сотталған өтеген жаза мерзімі, сондай-ақ сотталғанның қызмет өткеруі аяқталған кезде жаза мерзімі бітпесе, әскери бөлім қолбасшылығы қызмет өткеру мерзімінің аяқталғаны туралы хабарлау мен сот үкімінің көшірмесін оның кеткен жері бойынша Инспекцияға жіберуге міндеттілігі көрсетіледі.

32. Ішкі істер органдарының төлқұжат-виза қызметі:

босатылуы туралы анықтамасында белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі қосымша жаза шарасына нұсқау бар, түзеу мекемелерінен, орталықтарынан, тәртіптік әскери бөлімдерден, абақты үйлерінен келген адамдарды тұрғылықты жері бойынша тіркеген кезде Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің 1994 жылғы 27 қазандағы 283 бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасында Төлқұжат жүйесі туралы ережені қолдану тәртібі туралы" нұсқаулыққа сәйкес N 17 нысан бойынша есепке қоюды жүзеге асырады. Бұл жайында ішкі істер органының бастығын немесе оның орынбасарларын N 18 нысандағы рапортпен хабардар етеді және тиісті нұсқау алғаннан кейін Инспекцияға қолхат алу арқылы береді.

33. Жол полициясының және ішкі істер органдары лицензиялық-рұқсат беру бөлімдерінің қызметкерлері белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру туралы сот үкімін сотталғанның

немесе лауазымды адамның орындамауы фактілерін анықтаса, бұл жайында дереу жазбаша түрде үкімнің орындалуын бақылауды жүзеге асыратын Инспекцияны хабардар етеді.

34. Белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі жазаны атқару мерзімін есептеу:

1) айыппұл төлеуге, түзеу жұмыстарына, сондай-ақ шартты сотталған кезде жазаның негізгі де, сондай-ақ қосымша да түрі ретінде тағайындалған белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру мерзімі, егер бұл ретте жазаның қосымша түрін атқару кейінге қалдырылмаса, сот үкімінің заңды күшіне енген сәтінен бастап есептеледі;

2) белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру бас бостандығын шектеуге, қамауға алуға, бас бостандығынан айыруға не тәртіптік әскери бөлімде ұстауға жазаның қосымша түрі ретінде тағайындалған ретте, аталған жаза мерзімі тиісінше сотталғанның түзеу орталығынан, қамаудан, түзеу мекемесінен не тәртіптік-әскери бөлімнен босатылған күнінен бастап есептеледі.

Мұндай жағдайларда белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру туралы үкімнің талабы сол сияқты сотталғанның аталған негізгі жаза түрлерін өтеуінің барлық уақытына қолданылады;

3) жаза мерзімі аяқталған кезде сотталған осы Нұсқаулықтың 6-бөлімінде белгіленген тәртіппен есептен шығарылады;

4) белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі жазадан шартты-мерзімінен бұрын босатуды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот жүргізеді.

4. Шартты сотталғандардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру

35. Шартты сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мыналарды қамтиды:

1) шартты-сотталғандарды сынау мерзімі ішінде дербес есепке алу;

2) Инспекцияның қалалық, аудандық ішкі істер органдарының басқа қызметтері қызметкерлерінің қатысуымен сотталғандардың қоғамдық тәртіпті сақтауын және олардың сот жүктеген міндеттерді атқаруын бақылауы;

3) бастапқы іздеу іс-шараларын жүргізу;

4) қолданылып жүрген заңдарда көзделген өзге де іс-шараларды жүргізу;

36. Сот үкімін (ұйғарымын, қаулысын) атқаруға қабылдау:

1) соттан келіп түскен үкімнің (ұйғарымның, қаулының) көшірмесі нақ сол күні қалалық, аудандық ішкі істер органының кіріс құжаттары журналында тіркеліп, бастықтың бұрыштамасымен Инспекцияға беріледі. Нақ осындай тәртіппен басқа Инспекциялардан, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі бөлімшелерден, әскери қызметтен

сынау мерзімі өткенге дейін босатылған сотталғандар жөнінде әскери бөлімдерден, мекемелерден және әскери-оқу орындарынан келіп түскен материалдар тіркеледі;

2) Инспекцияда аталған құжаттар келіп түскен күні сотталғандарды есепке алу журналында (N 27 нысан) тіркеледі және осымен бір мезгілде сотталғанға бақылау ісі (N 32 нысан), күзет карточкасы (N 28 нысан), статистикалық карточка ашылады. Статистикалық карточканың (N 1 нысан) бір данасы аумақтық құқықтық статистика және ақпарат орталығына жолданады;

3) күзет карточкасы төлқұжат-виза қызметіне беріледі де нақ осы қалалық, аудандық ішкі істер органы қызмет көрсететін аумақта тіркелген адамдардың картотекасына сотталғанның тіркеу есебінен шығарылуын бақылау және сотталғанның тұрғылықты жерінің өзгергені туралы Инспекцияны хабардар ету үшін қоса тігіледі;

4) үкім (ұйғарым, қаулы) жіберген сотқа сотталған есепке қойылған күні сот шешімінің атқаруға қабылданғаны туралы хабарлама (N 2 нысан) жіберіледі;

5) мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын адамдардың есепке қойылуы туралы тиісті әскери-комиссариатқа хабарлама (N 7 нысан) жіберіледі;

6) сотталған есепке қойылған кезде Инспекция қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығына рапортпен (N 5 нысан) алдын алу іс-шараларын жүргізу және сотталғандардың тұрғылықты жері бойынша мінез-құлқын бақылау үшін баяндайды;

7) жұмысымен, оқуымен немесе маскүнемдіктен, есірткіқұмарлықтан, уытқұмарлықтан не жыныстық аурудан емделуімен байланысты сот міндеттер жүктеген сотталған жөнінде ұйымдардың, оқу орындарының және тиісті емдеу мекемелерінің әкімшілігіне хабарлау жолданады;

8) осы тармақтың 3-7) тармақшаларында аталған құжаттар сотталған есепке қойылғаннан кейін үш күн мерзім ішінде тиісті жеріне жіберіледі.

37. Шартты сотталғандардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру тәртібі:

1) сынау мерзімі ішінде шартты сотталғандардың мінез-құлқын бақылауды қалалық, аудандық ішкі істер органдарының басқа қызметтері қызметкерлерінің қатысуымен сотталғандардың тұрғылықты жері бойынша Инспекциялар жүзеге асырады;

2) шартты сотталғандардың қоғамдық тәртіпті сақтауын және олардың сот жүктеген міндеттерін орындауын бақылауды жүзеге асыруға қалалық, аудандық ішкі істер органдары басқа қызметтерінің қызметкерлері тартылады;

3) есепке қойылғаннан кейін сотталған Инспекцияға әңгіме өткізу үшін шақырылады, әңгіменің барысында оның сауалнамалық деректері анықталады, оның міндеттері, оларды орындамауының салдарлары және қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін немесе жаңа қылмыс жасағаны үшін жауаптылығы түсіндіріледі,

бұл жөнінде тілхат (N 8 нысан) алынады, сотталғанның жақын туыстары мен оған ықпал жасай алатын адамдар туралы мәліметтер, сондай-ақ оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелер айқындалады. Әңгіменің нәтижелері туралы анықтама жасалады, ол тілхатпен бірге сотталғанның жеке ісіне тігіледі;

4) шартты сотталған:

Инспекция алдында өзінің мінез-құлқы туралы есеп беруге;

өзіне сот жүктеген міндеттерді атқаруға;

шақыру бойынша Инспекцияға келуге міндетті;

5) Инспекцияға орынды себептерсіз келмеген жағдайда шалғай ауданда тұратын шартты сотталған мәжбүрлеп әкелінуі мүмкін. Мұндай жағдайларда Инспекция мәжбүрлеп алып келу туралы қаулы (N 21 нысан) шығарады;

6) сотталған бақылаудан жалтарған жағдайда Инспекция оның жүрген жерін және жалтару себептерін анықтау жөнінде бастапқы іс-шаралар жүргізеді;

7) сотталған әскери қызметке шақырылған жағдайда Инспекция әскери комиссариатқа сот үкімінің көшірмесін, ал қажетті жағдайларда сотталғанның қызмет өткеретін жері бойынша мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін қажет өзге де құжаттарды жолдайды. Ілеспе хатта Инспекция сотталғанның жеке басын, мінез-құлқын және оның сот жүктеген міндеттерді атқаруын сипаттайтын деректерді хабарлайды. Әскери бөлім қолбасшылығы он күн мерзімде Инспекцияға осы адамның есепке қойылғаны туралы, ал қызмет аяқталғаннан кейін - оның әскери бөлімінен кеткені туралы хабарлауға, ал егер сынау мерзімі бітпеген жағдайда, Инспекцияға сот үкімінің көшірмесі мен сотталғанды сипаттайтын басқа да құжаттарды оның мінез-құлқын бақылауды әрі қарай жүзеге асыру үшін жолдауға міндетті;

8) сотталғанға қосымша жаза ретінде белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру тағайындалған ретте Инспекция Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 24-29 баптарымен, осы Нұсқаулықтың 3 бөлімімен көзделген іс-шараларды толық көлемде жүзеге асырады.

38. Шартты сотталғандардың мінез-құлқын бақылауды ұйымдастыру.

сынау мерзімі кезеңінде сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мақсатында Инспекциялар:

1) егер ақпараттық қызмет тарапынан сотталғандар жол берген тәртіп бұзушылықтар туралы Инспекцияны автоматтандырылған хабардар ету тәртібі белгіленбесе, тоқсан сайын сотталғандардың қалалық, аудандық ішкі істер органдары жүргізетін қолданыстағы есептер бойынша әкімшілік ықпал ету немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту шараларын қолдануға әкеп соққан қоғамдық тәртіпті бұзуын және жаңа қылмыстар жасағанын анықтау тұрғысында

тексереді;

2) сотталғандармен, олардың туыстарымен, сондай-ақ сотталғандарға ықпал жасай алатын адамдармен алдын алу әңгімелерін өткізеді. Сотталғандар тарапынан оларға сот жүктеген міндеттерді орындамау, қоғамдық тәртіпті бұзу және қайталап қылмыстар жасау жағдайларын болдырмауға шаралар қолданады;

3) жүйелі түрде (тоқсанына кемінде бір рет) есепке қойылған сотталғандар тізімін сотталғандар жасаған қылмыстардың сипатына қарай ішкі істер органдарының қылмыстық және әкімшілік полициясы мен басқа да қызметтеріне жібереді. Алдын алу шаралары немесе пысықтаулар жүргізілген кезде қалалық, аудандық ішкі істер органдарының аталған қызметтерінің қызметкерлеріне сотталғандарды тұрғылықты жері бойынша, олардың сот жүктеген міндеттерді орындауын тексеру туралы жекелеген тапсырмалар береді;

сотталғандардың оларға сот жүктеген міндеттерді орындамауының, қоғамға қарсы мінез-құлқының анықталған фактілері, сондай-ақ сотталғандардың мінез-құлқын бақылау жөнінде жүргізілген іс-шаралар туралы аталған қызметтердің қызметкерлері қалалық, аудандық ішкі істер органдарының бастығына рапортпен баяндайды. Қажетті жағдайларда рапорттарға сотталғандар мен өзге де адамдардың түсініктемелері, басқа да материалдар қосылады;

рапорттар қаралғаннан кейін олар қалалық, аудандық ішкі істер органдары бастығының бұрыштамасымен, материалдармен бірге сотталғандардың жеке істеріне тігу және тиісті шаралар қолдану үшін Инспекцияға беріледі;

4) сотталғандардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырумен, олардың тұрмыс салтымен және сот жүктеген міндеттерін атқаруымен байланысты өзге де іс-шаралар жүргізеді;

5) сотталғанның жеке ісіне онымен алдын алу әңгімелерін жүргізу туралы анықтамалар және сотталғанның мінез-құлқына және оның міндеттерін атқаруына қатысты барлық материалдар, сондай-ақ сотталғанның түсініктемелері мен басқа да құжаттар қосылады.

39. Шартты сотталғандарға қолданылатын көтермелеу шаралары:

1) сынау мерзімі өткенге дейін үлгілі мінез-құлқымен өзінің түзелгенін дәлелдеген сотталғанға сот шартты соттаудың күшін жоюы және белгіленген сынау мерзімінің кемінде жартысы өткен кезде оның соттылығын алып тастауы мүмкін;

2) мұндай жағдайларда Инспекция сотталғанның жеке басын, оның мінез-құлқын және оған сот жүктеген міндеттерді орындауын сипаттайтын деректер жазылған ұсыным енгізеді. Ұсынымға жұмыс, оқу орнынан және тұрғылықты жерінен мінездемелер, Инспекция қызметкерінің оның мінез-құлқы мен тұрмыс салты туралы рапорты, сондай-ақ оның түзелгенін растайтын басқа

да құжаттар қоса беріледі;

3) мәселе оң шешілген жағдайда есепке алу журналына тиісті белгі соғылады және учаскелік полиция инспекторы хабардар етіледі.

40. Шартты түрде сотталғанның жауапкершілігі:

1) сотталған оған сот жүктеген міндеттерді атқарудан жалтарған не ол қоғамдық тәртіпті бұзған, бұл үшін әкімшілік жаза қолданылған жағдайда, Инспекция сотталғаннан түсініктеме алады және оған шартты соттаудың күшін жою мүмкіндігі туралы ескерту (N 16 нысан) жасайды;

2) сотталған Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 182-бабының 4-тармағында аталған міндеттерді орындамаған, сондай-ақ шартты түрде сотталғанға қандай да болмасын басқа міндеттер жүктеудің орындылығын қуаттайтын өзге де мәнжайлар болған жағдайда, Инспекция сотқа тиісті ұсыным жібере алады;

3) егер сотталған Инспекцияның жазбаша ескертуінен кейін өзінің мінез-құлқын өзгертпесе және оған сот жүктеген міндеттерді атқарудан жалтаруды жалғастырса, сондай-ақ сотталғанның жеке басына, қылмыстың сипатына және жасаған іс-қылығына, еңбекке, оқуға деген көзқарасына қарай Инспекция сотқа сынау мерзімін ұзарту туралы ұсыным (N 17 нысан) жібереді. Сотталғанға сынау мерзімі ұзартылған жағдайда есепке алу журналына, бақылау-мерзімдік, күзет карточкаларына белгі соғылады, ол жұмыс істейтін ұйым мен учаскелік полиция инспекторы хабардар етіледі;

4) сотталған сынау мерзімі ішінде өзіне сот жүктеген міндеттерді ұдайы немесе қасақана атқармаған не сотталған бақылаудан бой тасалаған жағдайда, Инспекция бастығы сотқа шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы ұсыным (N 17 нысан) жібереді;

5) міндеттерді ұдайы атқармау - бір жыл ішінде екі мәртеден артық тыйым салынған іс-әрекетті жасау немесе сотталғанға ұйғарылған іс-әрекетті орындамау не оған сот жүктеген міндеттерді ұзақ уақыт бойы (отыз күннен астам уақыт) орындамау болып табылады;

6) сот Инспекцияның сынау мерзімін ұзарту немесе шартты түрде соттаудың күшін жою туралы ұсынысын қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда, сотқа келесі ұсыным сотталған әкімшілік жаза шараларын қолдануға әкеп соққан тағы бір қоғамдық тәртіп бұзушылық жасаған соң немесе сот жүктеген міндеттерді орындамауын жалғастырғаннан кейін енгізіледі;

7) бақылаудан бой тасалаушы деп жүрген жері Инспекция бастапқы іздеу іс-шараларын жүргізу нәтижесінде 30 күннен астам уақыт ішінде анықталмаған сотталған танылады.

Бастапқы іздеу іс-шараларын Инспекциялар осы Нұсқаулықтың 1 бөлімінің 14-16-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүргізеді, ал олар сәтті болмаған

жағдайда осы Нұсқаулықтың 1 бөлімінің 19-тармағында көзделген іс-қиимылды жүзеге асырады;

8) шартты түрде соттаудың күшін жою туралы ұсынымда сотталғанның оған сот жүктеген міндеттерді атқарудан жалтаруының, қоғамдық тәртіпті бұзуының нақты фактілері, Инспекцияға келмеген уақыты, оған қандай ықпал ету шаралары қолданылды, оған ол қалай құлақ асты, сондай-ақ мәжбүрлеп келтірулердің болуы көрсетіледі.

Жүрген жері белгісіз сотталған жөніндегі ұсынымда оның Инспекция бақылауынан бой тасалағаны туралы қолда бар мәліметтер, сондай-ақ бастапқы іздеу іс-шараларының нәтижелері көрсетіледі. Ұсынымға жұмыс, оқу орнынан және тұрғылықты жерінен мінездемелер, Инспекция қызметкерінің сотталғанның мінез-құлқы, оның тұрмыс салты туралы рапорты, сотталғанның түсініктемелері және басқа да құжаттар қоса беріледі.

41. Сынау мерзімін есептеу:

1) сынау мерзімі соттың үкімі заңды күшіне енген сәттен бастап есептеледі;

2) сынау мерзімі өткен кезде сотталғанның мінез-құлқына бақылау жасау тоқтатылады да, ол осы Нұсқаулықтың 6 бөлімінде белгіленген тәртіппен есептен шығарылады.

5. Жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру қолданылып сотталған жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдердің мінез-құлқына бақылау жасау

42. Сотталған әйелдердің мінез-құлқына бақылау жасау мыналарды қамтиды:

1) сотталған әйелдерді есепке алу;

2) сотталған әйелдердің түзеу мекемелерінен келуіне бақылау жасау;

3) сотталған әйелдердің жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру шарттарын сақтауына бақылау жасау;

4) егер сотталған әйел босатылған күнінен бастап екі апта мерзімде келмеген жағдайда, егер ол Инспекцияның бақылауынан бой жасырса, бастапқы іздеу іс-шараларын жүргізу;

5) қолданылып жүрген заңдарда көзделген өзге де іс-шараларды жүргізу.

43. Сот ұйғарымын атқаруға қабылдау:

1) сотталған әйел босатылған күні түзеу мекемесі оның тұрғылықты жері бойынша босатылған күні көрсетіле отырып, соттың жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы ұйғарымының көшірмесін жібереді, оған: сотталған әйелдің мінездемесі, туыстарының оның өзі мен сәбиін қабылдауға, оларға тұрғын үй беру және сәбиімен бірге тұру үшін қажетті жағдай туғызуға келісуі туралы анықтама, жүктілігі туралы медициналық қорытынды не баласының туу туралы куәлігінің көшірмесі немесе баласының барлығы туралы анықтама, сондай-ақ оның Инспекцияға келу туралы қолхаты қоса беріледі;

2) түзеу мекемесінен келіп түскен сот ұйғарымының көшірмесі қалалық,

аудандық ішкі істер органының кіріс құжаттары журналында тіркеледі және бастықтың бұрыштамасымен Инспекцияға беріледі;

3) Инспекцияда сот үйғарымының көшірмесі сотталғандарды есепке алу журналында (N 28 нысан) тіркеледі, бақылау ісі (N 32 нысан), күзет карточкасы ( N 27 нысан), статистикалық карточка (N 1 нысан) ашылады. Статистикалық карточканың бір данасы аумақтық Құқықтық статистика және ақпарат орталығына жіберіледі;

4) сотталған әйелді есепке қою туралы Инспекция қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығына оның келуін, мінез-құлқына және жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру кезеңінде тұрғылықты жері бойынша алдын алу іс-шараларының жүргізілуін бақылау үшін рапортпен (N 5 нысан) баяндайды;

5) кәмелетке толмаған сотталған қыз бала жөнінде Инспекция қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығына онымен әрі қарай жұмыс жүргізу мақсатында кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекцияға есепке қою үшін рапортпен (N 6 нысан) баяндайды.

44. Сотталған әйелдердің мінез-құлқына бақылауды жүзеге асыру тәртібі:

1) жазаны өтеуді кейінге қалдыру кезеңінде сотталған әйелдердің мінез-құлқын бақылауды Инспекция тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырады.

2) Инспекцияға келген күні сотталған әйелмен әңгімелесу өткізіледі, оның барысында оған жазаны өтеуді кейінге қалдыру шарттары, оларды орындамаудың салдарлары және қоғамдық тәртіпті бұзғаны, жаңа қылмыс жасағаны үшін, сондай-ақ баласын тәрбиелеу мен оны күтуден жалтарғаны үшін жауаптылығы түсіндіріледі, бұл жөнінде тілхат (N 8 нысан) алынады.

Бұдан өзге, сотталған әйелдің сауалнамалық деректері, жақын туыстары туралы мәліметтер және оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелер нақтыланып, тексеріледі. Әңгімелесу нәтижелері туралы анықтама жасалады, ол тілхатпен бірге сотталған әйелдің бақылау ісіне қоса тігіледі;

3) сотталған әйел келген күні оған күзет карточкасы (N 27 нысан) толтырылады, ол қалалық, аудандық ішкі істер органының төлқұжат қызметіне тұрғылықты жері бойынша бақылауды жүзеге асыру мақсатында беріледі. Осымен бір мезгілде сотталған әйелдің есепке қойылғаны туралы баланы тәрбиелеуге және оны күтуге бақылауды қамтамасыз етуде өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін оның тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органдары хабардар етіледі;

4) Инспекция сотталған әйел келген күннен бастап үш күн мерзімде түзеу мекемесіне хабарлама (N 33 нысан) жібереді;

5) сотталған әйел жұмысқа орналастырылған жағдайда Инспекция оның

жұмыс орны бойынша ұйымның әкімшілігіне хабарлау (N 29 нысан) жібереді;

6) сотталған әйел босатылған күнінен бастап екі апта мерзімде келмеген жағдайда Инспекция осы Нұсқаулықтың 1-бөлімінің 15, 16-тармақтарында белгіленген тәртіппен бастапқы іздеу іс-шараларын жүргізеді, ал нәтижелерге қол жеткізілмеген жағдайда осы Нұсқаулықтың 1 бөлімінің 17-тармағында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

45. Сотталған әйелдердің мінез-құлқын бақылауды ұйымдастыру.

Сотталған әйелдердің жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру шарттарын сақтауына бақылау жасау мақсатында Инспекциялар:

1) егер ақпараттық қызмет тарапынан сотталған әйелдер жол берген тәртіп бұзушылықтар туралы хабардар етудің автоматтандырылған тәртібі белгіленбесе , қалалық, аудандық ішкі істер органдарының қолданыстағы есептері бойынша тоқсан сайын сотталған әйелдерді олардың әкімшілік ықпал ету шараларын қолдануға немесе қылмыстық жауаптылыққа тартуға әкеп соққан қоғамдық тәртіп бұзушылықтарын анықтау және жаңа қылмыстар жасауы тұрғысында тексереді;

2) сотталған әйелдермен, олардың туыстарымен және оларға оң ықпал жасай алатын адамдармен алдын алу әңгімелерін өткізеді, сотталған әйелдерден жол берілген тәртіп бұзушылықтардың себебі туралы түсініктемелер алады. Олардың тарапынан баланы тәрбиелеу және оны күту жөніндегі міндеттерінен жалтару жағдайларының, қоғамдық тәртіпті бұзушылықтар мен қайталап қылмыс жасалудың алдын алуға шаралар қолданады;

3) сотталған әйелдердің мінез-құлқын бақылауды, олардың тұрмыс салтына және осы Нұсқаулықтың 4-бөлімінің 38-2,3 тармағында аталған баланы тәрбиелеуге көзқарасын бақылауды жүзеге асырумен байланысты іс-шараларды жүргізеді;

4) сотталған әйелдердің баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтару фактілері анықталған, тұрғылықты жері бойынша теріс мінездеме берілген ретте рапорт жасалады, ол әкімшілік полициясының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторға тұрғылықты жері бойынша алдын алу іс-шараларын жүргізу үшін беріледі. Тексеру нәтижелері туралы рапорт жасалады, ол сотталған әйелдің бақылау ісіне қосу үшін инспекцияға беріледі.

46. Сотталған әйелдердің жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру шарттарын сақтамағаны үшін жауапкершілігі:

1) сотталған әйелдің жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру шарттарын сақтамауы мыналар:

әкімшілік жазалау шараларын қолдануға әкеп соққан қоғамдық тәртіпті бұзуы ;

баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтаруы болып табылады;

2) сотталған әйел, егер ол:

баладан ресми түрде бас тартпай, оны әйелдер босанатын үйде қалдырса немесе балалар үйіне берсе;

қоғамға қарсы тұрмыс салтын ұстанса және баланың тәрбиесімен және оны күтумен айналыспаса;

баланы туыстарына немесе өзге адамдарға қалдырып кетсе;

бой тасаласа;

баланы тәрбиелеуден жалтаруын куәландыратын өзге де іс-әрекет жасаса, баланы тәрбиелеуден жалтарған болып саналады;

3) тәртіп бұзушылықтардың осы бөлімінің 46-1-тармағында аталған кез-келгені анықталғаннан кейін Инспекция қызметкері сотталған әйелді шақырады, ал ол келмеген жағдайда тұрғылықты жері бойынша барады, одан жол берілген тәртіп бұзушылықтың себептері туралы түсініктеме алады, алдын ала әңгімелесу жүргізеді және жазбаша ескерту (N 16 нысан) жариялайды;

4) егер сотталған әйел екі мәрте жарияланған жазбаша ескертуден кейін баладан бас тартса не бой тасаласа немесе баланы тәрбиелеу мен оны күтуден жалтаруын жалғастырса, Инспекция сотқа жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдырудың күшін жою туралы және сотталған әйелді сот үкімімен тағайындалған жазаны өтеуге жіберу туралы ұсыным (N 17 нысан) енгізеді. Ұсынымға: жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы сот ұйғарымының көшірмелері мен сотталған әйелдің баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтаруын растайтын материалдар, жұмыс орны мен тұрғылықты жерінен мінездемелер, әкімшілік полициясының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторының оның мінез-құлқы мен тұрмыс салты туралы рапорты, басқа да құжаттар қоса беріледі;

5) егер сотталған әйел бой тасаласа, Инспекция осы Нұсқаулықтың 1-бөлімінің 16-тармағына сәйкес бастапқы іздеу іс-шараларын жүзеге асырады;

6) жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жою туралы ұсынымда сотталған әйелдің баланы тәрбиелеу мен оны күтуден жалтаруының нақты фактілері, сондай-ақ оның мінез-құлқын сипаттайтын деректер келтіріледі. Ұсынымға сотталған әйелдің жұмыс орнынан мінездеме, мінез-құлқы, тұрмыс салты туралы әкімшілік полициясының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторының рапорты және басқа да құжаттар қоса беріледі.

Бой тасалап жүрген сотталған әйел жөніндегі ұсынымда оның баланы тәрбиелеу мен оның күтуден жалтару мақсатымен бой тасалағаны туралы мәлім болған деректер, сондай-ақ бастапқы іздеу іс-шараларының нәтижелері көрсетіледі;

7) бала сегіз жасқа толған кезде не ол шетінеген жағдайда, не түсік тастаған жағдайда әйелдің тұрғылықты жері бойынша Инспекция оның мінез-құлқын,

баланы тәрбиелеуге қатынасын, жазаның өтелген және өтелмеген мерзімдерін ескере отырып, сотқа сотталған әйелді жазаның қалған бөлігін өтеуден босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңілімен алмастыруға, не оны түзеу мекемесіне жіберу туралы ұсыным (N 20 нысан) жолдайды.

Ұсынымда сотталған әйелдің жеке басын, мінез-құлқын және жазаны өтеу кейінге қалдырылған кезеңде оның баланы тәрбиелеуге қатынасын сипаттайтын деректер келтіріледі, сот үкімімен тағайындалған жазаның өтелген және өтелмеген мерзімі көрсетіледі.

Ұсынымға жұмыс орнынан мінездеме, әкімшілік полициясының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторының оның тұрмыс-салты, мінез-құлқы туралы рапорты және басқа да құжаттар қоса беріледі.

6. Жазаны өтеуді тоқтату және сотталғандарды есептен шығару тәртібі

47. Жазаны өтеуді тоқтатуды жүзеге асыру және сотталғандарды есептен шығару тәртібі:

1) түзеу жұмыстары және белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі жазаларды өтеу Заңға сәйкес жаза мерзіміне енгізілуі мүмкін өзгерістер ескеріле отырып, жазаның соңғы күні тоқтатылады.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеген немесе одан басқа негіздер бойынша босатылған адамдарға анықтама (N 14 нысан) беріледі;

2) сотталғандарды жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босату Инспекцияға тиісті құжаттар келіп түскен күні жүргізіледі;

3) сотталғандарды түзеу жұмыстары, белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі жазаларды өтеу жөніндегі есептен шығару көрсетілген мерзім аяқталған кезде Инспекция қызметкерінің қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығы бекіткен рапорты бойынша жүргізіледі.

Сотталған әйелді есептен шығару сот ұйғарымы (қаулысы) келіп түскен күні жүзеге асырылады;

4) мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын адам есептен шығарылғаннан кейін тиісті қалалық, аудандық әскери комиссариатқа хабарлау ( N 13 нысан) жолданады;

5) түзеу жұмыстарына сотталғанды, шартты сотталғанды, сотталған әйелді және белгілі бір қызмет атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыруға сотталғанды есептен шығару туралы төлқұжат-виза қызметіне хабарлау (N 34-нысан) жолданады;

6) түзеу жұмыстарын жазаның басқа түрімен алмастыруға, шартты соттаудың және жазаны атқару мерзімін кейінге қалдырудың күші жойылуына байланысты

сотталғандарды есептен шығару, сондай-ақ жаңа қылмысы үшін соттау сот шешімдері негізінде олар алынған күні жүргізіледі;

7) сотталғанды есептен шығару күні және негізі туралы сотталғандарды есепке алу журналында, түзеу жұмыстарына сотталғандардың жеке ісі мен есепке алу карточкасына белгілер соғылады. Есептен шығарылған сотталғандардың жеке істерін Инспекция бастығы архивке жөнелтеді;

48. Ақтау үкімінің шығарылуына байланысты үкімнің күші жойылуына орай жазаны өтеуден босатылған адамға жазаны атқарушы орган бастығы оның мүліктік, еңбек, тұрғын үй және өзге де айырылған құқықтарын қалпына келтіру жөніндегі құқықтарын түсіндіреді. Босатылғаны туралы құжатта сотталған адамнан мемлекет атынан ресми кешірім өтініледі.

Қазақстан Республикасының Ішкіісмині жанындағы Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК